

**Орындаған: Жакупова Мария
Турсынгазиева Акмарал
Оразалиева Фариза
Тобы: ВС–313
Тексерген: Орынтаев Қ.Б.**

Вирустық аурулар – вирустар арқылы таралатын жұқпалы аурулар мен қатерлі ісіктер.

Індеттен сақтандырудың негізгі жолы – арнамалы дауалау вакцинамен немесе иммунды қан сарысуымен егу.

Егудің арқасында организмнің арнамалы қорғаныс факторы мен механизмдері іске қосылады.

Мал ауруын қоздыратын вирустардың өзгеруі:

- вирустардың вируленттік түрі пайда болғанда;
- ауру таралғанда;
- вируленттілігі төмендегенде індеттің сақталуында;
- табиғатта айналысқа түскенде.

Арнамалы дауалау (алдын алу)

Арнамалы (спецификалық) дауалау дегеніміз – малды жұқпалы аурудан вакцина немесе гипериммунды қан сарысуы арқылы сақтандыру. Ауырып жазылған және вакцина егілген малда вирусқа қарсы пайда болған иммунитет. Әр түрлі деңгейде дамиды.

Вирустарға қарсы вакцина алу үшін және ол вакцинаны қолдану үшін гуморальдық және клеткалық факторлар өзара ерекшеліктеріне қарай әр түрлі роль атқарады.

Вакцина (лат. Vасса - сиыр, vaccinus - сиырдікі) - микроорганизмдерден (бактерия, вирус, т.б.)

алынып, адам мен жануарлар организмiне жұқпалы аурулардан алдын ала сақтану және олардың ИММУНДЫҚ қасиетiн арттыру үшін егiлетiн препараттар.

Вакциналарды қолдану – iндетпен ауырған малдың сол ауруға қарсы егiлетiнделген.



Вакциндеу дегеніміз – мал организміне қоздырушыны әдейі енгізу. Ол үшін қоздырушыны әлсіретіп алу керек. Егудің нәтижесінде организмде қорғаныс механизмдері іске қосылады, яғни антидене түзіледі.

Індетті сақтандыру үшін 1798 жылы **Э.Дженнер** вакцинаны тұңғыш рет қолданды. Шешектен сақтандыру үшін ол сиыр шешегін жас балаға жұқтырды.

Француз ғалымы **Л.Пастер** Дженнер құрметіне вакцина деген сөзді қолдануды ұсынды.

Егудің зиянды әсерлері не вакцинаның өзіне, не басқа да факторларға байланысты болуы мүмкін. Вакцинаның организмге деген теріс әсері сирек кездеседі.

Вакциналардың түрлері

- **Тірі вакциналар** – тірі, бірақ әлсіретілген вирус штамдарынан алынған.
- **Өлтірілген немесе инактивтелген вакциналар** – вирустарды физикалық не химиялық жолдармен өлтіру арқылы дайындайды.
- **Суббөлікті вакциналар** – вирустың тазаланған белоктарынан алынған.

- **Гендік-инженерлік вакциналар** – гендік инженерия тәсілдерімен алынған.
- **Жасанды немесе синтетикалық вакциналар** – вирус антигеніне полиэлектролит не полимер қосу арқылы алынған антигендік жиынтық.



Вакиналарды қолданатын жағдайлар:

Енжар егу дегеніміз – ауырған малды – ауырып жазылған малдын қан сарысуын немесе гипериммунды қан сарысын егу арқылы емдеу.

Бұл кезде мал организміне дайын антиденелер иммунды қан сарысуымен бірге сырттан енгізіледі, яғни бұл антиденелердің түзілуіне организм қатынаспайды, сондықтан бұл кезде түзілетін иммунитетті **енжар иммунитет** деп атайды.

Гипериммунды қан сарысуы дегеніміз – арнамалы антиденелері бар қан сарысуы.

Мұндай қан сарысуы жылқы, өгіз, қой, шошқаларды егудің арқасында алынады. Ол үшін аталған мал организмiне мөлшерiн бiрте-бiрте арттыра отырып антигендердi белгiлi кесте бойынша енгiзедi.

Нәтижесінде организмде осы антигендерге қарсы антиденелер түзіліп, көбейеді. Міне, осы малдардан қан алынып, одан бөлініп алынған қан сарысуы – **гипериммунды қан сарысуы** деп аталынады.

**Реконвалесценттердің қан сарысуы дегеніміз –
өздігінен ауырып жазылған малдын қан сарысуы.**

**Бұл қан сарысуын аусыл ауруынан сақтандыруға
және емдеуге қолданған.**





Назарларыңызға рахмет!